

Қарақия ауданының елді мекендерінің аумағында иттер мен мысықтарды асырау және серуендету Қағидасы туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облыстық мәслихатының 2014 жылғы 11 желтоқсанда № 21/313 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 30 желтоқсанда № 2595 болып тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облыстық мәслихатының 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 29/442 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облыстық мәслихатының 10.12.2015 № 29/442 шешімімен(жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е ск е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Кодексінің 3-бабының 2-тармағына, 311-бабына және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабының 2-2-тармағына сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған Қарақия ауданының елді мекендерінің аумағында иттер мен мысықтарды асырау және серуендету Қағидасы бекітілсін.

2. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Б. Сарман

мәслихат хатшысы

О б л ы с т ы қ

Б. Жүсіпов

«К Е Л И С И Л Д И»
«Қарақия аудандық ауыл шаруашылығы
және ветеринария бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің басшысы

Е . С .
11 ж е л т о қ с а н

Б е г н и я з о в
2014 ж ы л

«Қазақстан Ресpubликасы
Ауыл шаруашылығы Министрлігі
Ветеринариялық бақылау және
қадағалау Комитетінің Қарақия
аудандық аумақтық инспекциясы»
мемлекеттік мекемесінің басшысы
Б . С . Е л ь ба е в
11 ж е л т о қ с а н 2014 ж ы л

Маңғыстау облыстық мәслихатының
2014 ж ы л ф ы 11 ж е л т о қ с а н д ағы
№ 21/313 ш е ш і м і м е н бекітілген

Қарақия ауданының елді мекендерінде иттер мен мысықтарды асырау және серуендету Қағидасы туралы 1. Жалпы ереже

1. Қарақия ауданының елді мекендерінде иттер мен мысықтарды асырау және серуендету Қағидасы (әрі қарай – Қағида) Қарақия ауданының аумағында иттер мен мысықтарды асырау және серуендету тәртібін белгілеу мақсатымен өз ірленген.

2. Қағида меншік нысанына қарамастан, иттер мен мысықтарды асырайтын жеке және занды тұлғаларға (қызметтік иттері және тәлімбақтары бар құқық қорғау органдарының мекемелері мен ұлттық қауіпсіздік органдарының кинологиялық қызметтерінен басқа) бірдей таратылады.

3. Осы Қағида «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Кодексіне, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы және «Ветеринария туралы» 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының зандарына және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген.

2. Иттер мен мысықтарды асырау

4. Иттер мен мысықтарды сатып алу мен сату, басқа бір адамға тапсыру, барлық көлік түрлерімен аудан ішінде тасымалдау әрекеттері құтырма және

басқа да жұқпалы ауруларға қарсы егілген уақыты белгіленген жануардың ветеринарлық құжаты болған жағдайда ғана рұқсат етіледі. Иттер мен мысықтарды елді мекендерден тыскары жерлерге тасымалдау кезінде және басқа аймақтардан әкелген жағдайда, иелері жануардың денсаулығы және егу жұмыстарының жүргізілгендігі жөнінде, яғни жұқпалы ауруларға қарсы 12 айдан аспаған мерзімде не болмаса жолға шығардан 30 күн бұрын егілгендердің жөніндегі мәлімет толтырылған ветеринарлық қуәлігі болуы тиіс.

Тұрғындарға, кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға тиесілі иттердің барлық түрлері үш айлық мерзімнен бастап, құтырма ауруына және эпизоотиялық көрсеткіштерге сәйкес лептоспироз, микроспория ауруларына қарсы егілуі және гельминттердің болмауына тексерілуге тиіс немесе профилактикалық алдын-алу шаралары қолданылуы тиіс.

Мысықтар туылғаннан екі айлық мерзімнен бастап адамдар мен жануарларға бірдей жұқпалы ауруларға, эпизоотиялық көрсеткіштерге сәйкес микроспорияға қарсы егілуге, гельминттердің болмауына тексерілуге тиісті.

5. Иттер мен мысықтарды асырауға санитарлық-гигиеналық, зоогигиеналық талаптарды, ветеринарлық және осы Қағиданы сақтаған жағдайда рұқсат етіледі:

- 1) бір ғана от басынан тұратын тұрғын үй-жайларда;
- 2) бірнеше от басынан тұратын тұрғын үй-жайларда, тек өзіне тиесілі аумағында асырауға (пәтер тұрғындарының жазбаша келісімімен);
- 3) мекемелерде, ұйымдарда иттерді байлаулы түрде немесе торда, яғни қоршаған ортаға, адамдарға қауіптілік келтірмейтін және тыныштық сақталған жағдайда.

6. Көп қабатты, көп пәтерлі тұрғын үйдегі бір отбасына, жеке тұрғын үйлер мен оларға жапсарлас жер телімдерінде гигиеналық-санитарлық және зоогигиеналық талаптар сақталған жағдайда, үлкен және орта мөлшердегі екі ересек ит пен үш мысықты, үш айлық мерзімге дейінгі күшіктерді асырау үснілады.

7. Иттер мен мысықтарды көпшілік пайдаланатын (ас әзірлеуге арналған бөлмелерде, кіреберістерде, баспалдақ аландарында, үйдің шатырында, жертөлелерде, балконда және басқа да қосалқы үй-жайларда) орындарда және жеке тұрғын үйлердің маңында, қонақ үйлер мен жатақхана дәліздерінде ұстауға тыйым салынады.

8. Қонақ үйлерде, қонақ үй әкімшілігінің рұқсатымен және санитарлық-гигиеналық жағдайларды сақтаған жағдайда иелері итімен немесе мысығымен бірге тұрақтай алады.

9. Иттер мен мысықтарды жекелеген тұрғын үй қорында, ғимараттарда және оларға тиесілі аумақтарда жердің занды иегерінің рұқсатымен немесе басқа да өкілетті тұлғаның келісімімен ұстауға болады. Иттер жақсы қоршалған, яғни

қашып кете алмайтында, адамдарға не болмаса басқа жануарларға шабуылдауына мүмкіндік тудырмайтын аумақта ұсталуы тиіс. Осы аумақта иттің бары жөнінде кіреберісте 20x30 сантиметр көлеміндегі, иттің суреті бар «Ит күзetedі!», «Охраняется собакой!» деген жазуы бар ескерту тақта қойылуы шарт.

10. Жүқпалы ауруларға қарсы вакцина егілмеген иттер мен мысықтарды а с ы р а у ғ а т ы й ы м с а л ы н а д ы .

11. Иттер мен мысықтарды олардың терісін пайдалану, етін өндіеу, сату, тұтыну үшін өсіруге не болмаса аулауға тыйым салынады.

12. Қарақия ауданының аумағында иттердің төбелесін ұйымдастыруға және еткізуғе, жануарларға қарсы қатығез әрекеттер жасауға мүмкіншілік беретін басқа да іс-шараларды өткізуғе тыйым салынады (қызметтегі, күзетке арналған иттердің жұмыс қабілеттілігін тексеру мақсатында, иттердің жарақат алмауын ескеретін, дұрыс тұқымдық сұрыптауға арналған арнайы ережелер бойынша т е к с е р у л е р д е н б а с қ а) .

13. Қоғамдық орындарда иесіз жүрген иттер мен мысықтар, кәсіпорындар мен мекемелерде иесі байлап кеткеннен басқасы, бұралқы деп есептеледі және қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау бойынша арнайы қызмет арқылы міндетті а у л а у ғ а ж а т а д ы .

Қадағалаусыз қалған иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ұйымдастырылады және жүргізіледі.

3. Иесінің ерекше жауапкершілігін қажет ететін иттерді асырау

14. Иесінің ерекше жауапкершілігін қажет ететін ит түрлеріне шоқтығының биіктігі 50 сантиметрден жоғары иттер жатады.

15. Балаларға және 16 жасқа толмаған жасөспірімдерге, сонымен қатар денсаулық жағдайы қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ете алмайтын азаматтарға иесінің ерекше жауапкершілігін қажет ететін иттерді серуенге шығаруға тыйым с а л ы н а д ы .

16. Иесінің ерекше жауапкершілігін қажет ететін иттерді түрғын-үй пайдалану органдарының жергілікті атқарушы органдармен келістірілген, иттерді серуендетуге арналған арнайы орындарынан басқа қоғамдық және көпшілік демалыс орындарына әкелуге тыйым салынады.

4. Иттер мен мысықтарды серуенге шығарудың реті

17. Иелері иттерді серуенге шығарғанда келесі талаптарды орындауы тиіс:

1) иттерді тұмылдырықпен (декоративті ит түрінен басқасы) және қысқа (1,5 метрге дейін) мойын жіппен, Қағидадағы 18-тармақта көрсетілген орындардан

басқа жерлерде, қоршаған ортаны мазаламай, кедергі келтірмей ертіп жүрге және серуенге шығаруға болады. Егерде мұндай орындар болмаса серуендету бос жерлерде жүзеге асырылады;

Жүзеге

а с ы р ы л а д ы ;

2) иттерді тұмылдырықсыз және мойын жіпсіз тек арнайы қоршалған аумақтарда, жаттықтыру аландарында, жергілікті атқарушы органдары, пәтер иелері кооперативтері бекіткен еркін серуен аландарында серуендеуге болады. Егер мұндай орындар болмаса, серуендету бос жерлерде іске асырылады;

3) иттердің иелері әрдайым иттің мойнына аты, түрі, иесінің мекен-жайы мен телефондары көрсетілген жетон бекітілген қарғыбау тағуы керек. Иесінің тілегі бойынша жетонда итке қатысты басқа да мәлімет болуы мүмкін;

4) иттер мен мысықтарды қофамдық көліктерде тасымалдау көліктің артқы аландарында, жолаушылардың мазасын алмайтын жағдайда жүзеге асырылуы тиіс. Иттердің декоративті түрлерін және мысықтарды сөмкеде, арнайы торларда (тасымалдауға арналған контейнерде), қолда алып тасымалдауға болады. Науқас иттер мен мысықтарды қофамдық көлікте тасымалдауға тыйым салынады;

5) иттер мен мысықтарды тұрғын үйлердің маңында серуендеу кезінде иттердің иелері 23:00 мен 06:00 сағат аралығында тыныштықты сақтауды қамтамасыз етуі тиіс;

6) тыйым салған ескерту белгісі жоқ мекемелер мен азық-түлік сатпайтын дүкендерде, поштада және тағы басқа орындарда иелері иттерін қысқа мойын жіпте және тұмымлдырықта ертіп жүргуге болады. Кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер нысандарға итті ертіп келуге қарсы ескерту белгілерін қоюымен қатар иттерді байланыс қалдыратын орындар жараптауы қажет;

7) итті қысқа мойын жіппен және тұмылдырықпен, өздігінен шешіліп кетпейтіндей, иесі ғимараттың ішінде уақытша болған мерзімге, егер де ит басқа тұлғаларға қауіп төнгізбейтін, қоғамдық тәріпті бұзбайтын, қозғалыстарға және өзіне зиян келмейтіндей жағдайда байлаулы қалдыруына болады. Осы кезде ит жүргіншілердің жүріп тұруына кедергі болмауы керек;

8) ит қоғамдық орындарда қарғыбаусыз тек қана қызметтік тапсырмаларды орындау кезінде ғана жүре алады.

18. Иттердің иелері мынадай шектеулер қойылады:

1) құтырма ауруына қарсы егілмеген және токсоплазмозға тексерілмеген иттерді се ру ендегүе;

2) жануарларды рұқсат етілген немесе арнайы орындардан басқа, ауладағы балалар ойнайтын, спорттық алаңдарда, мектепке дейінгі және оқу орындарының аумақтарында, емделу мекемелерінің, саябақтар мен қоғамдық демалыс орындарының алаңдарында, тыйым салынған ескерту белгісі бар жерлерде сөрүендетуге;

3) иттер мен мысықтарды жағажайда серуендетуге, көпшілік шомылатын

жерлерде жуындыруға, тоғандарда, фонтандарда, су айдындары мен бөгеттерде шомылдыруға;

4) көзі нашар көретін адамды жетектеуші иттен басқа иттерді қоғамдық тамақтану кәсіпорындарына, азық-түлік дүкендерінің сауда жасау және өндірістік орындарына, сервистік қызмет көрсету мекемелері мен мәдениет мекемелеріне әкелуге, ұстаяуға;

5) халық көп жиналатын орындарда және қоғамдық шаралар өтетін жерлерде адамдарды құтқаруға арналған тапсырманы орындау барысындағы, қымыспен күрес және қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысатын, сондай-ақ көзі нашар көретін адамды жетектеуші иттерден басқа, жануарлармен бірге болуға.

19. Иесі мас болған жағдайда иттер мен мысықтарды ертіп жүргүге және көвшілік орындарына әкелуге, көлікте алып жүруіне тыйым салынады.

5. Иттер мен мысықтардың иелері

20. Иттер мен мысықтардың иелері құқық мәртебесіне және меншіктік нысанына қарамастан иттер мен мысықтарды осы Қағидадағы талаптарға сәйкес асырауды қамтамасыз етеді.

21. Иттер мен мысықтар иесінің меншігі болып табылады және кез-келген меншік ретінде замен қорғалады.

22. Ит немесе мысық жүқпалы аурулар түрімен ауырған деп танылған жағдайда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заннамасына сәйкес иесінен алынуы мүмкін. Егер де ит науқас емес деп танылса, онда ол иесіне қайтарылуы тиіс. Сонымен қатар, ит немесе мысық адамға жарақат келтірғен жағдайларда, қауып алғанда, адамға жүғатын аурулардың немесе қауіпті аурулардың болуын тексеру үшін иелерінен алынуы мүмкін.

23. Иттер мен мысықтардың иелері төмендегі талаптарды қамтамасыз етеді:

1) иттер мен мысықтардың қоршаған ортаға қолайсыздық келтірмейтін және қауіпсіздік тудырмайтын, тыныштықты жағдайын қамтамасыз ету;

2) тұрғын үй-жайларда шу болдырмау шараларын қолдану;

3) аландарды, кіреберістерді, сатылық торларды, лифтілерді, балалар аландарын, жолдарды, тротуар, шағын гүлбақтарды, демалыс аумақтарын ластамау, ал ластанған жағдайда міндettі тұрде жедел тазалауды жүзеге асыру (қағаз немесе полиэтилен пакеттерін пайдалану);

4) жануарларды тұрлеріне қарай зоотехникалық, зоогигиеналық және ветеринарлық-санитарлық талаптарға сәйкес ұстаяу, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

5) иттер мен мысықтарды олардың биологиялық қажеттіліктеріне сай асырау, оларға ізгілікпен қарау, қараусыз қалдырмау, қажеттілігіне қарай тамақ беру, таза

су ішуге жағдай жасау, ұрып-соқпау;

6) ветеринариялық мекемелер мамандарының талаптары бойынша, диагностикалық зерттеу, емдеу-профилактикалық өндөу және вакциналау мен дегельминтиздеу жүргізу үшін иттер мен мысықтарды бөгетсіз беруі керек;

7) иттер мен мысықтарды жыл сайын екі, үш айлық мерзімінен бастап ветеринариялық емханаларға бақылау үшін және құтырма ауруына және басқа да инфекциялық ауруларға қарсы алдын алу шараларын қолдануға әкеліп отыру, ветеринарлық құжатына жазбаларды енгізіп отыру;

8) жүйелі түрде, тоқсанына кемінде бір рет иттер мен мысықтарға тери паразиттеріне қарсы алдын-алу шараларын қолданып отыруы керек;

9) иттер мен мысықтар ауырғанда немесе ауруға құдікті болғанда жедел түрде ветеринарлық мекемелерге хабарласу, тексерістердің қорытындысы бойынша мамандардың ұсыныстарын мұлтіксіз сақтау;

10) ит немесе мысықты одан әрі асырауға мүмкіндік болмаған жағдайда оны басқа тұлғаға, жануарларды қорғау мекемелеріне береді немесе ветеринариялық мекемеге тапсырады;

11) үй жануарының өліп қалған жағдайларында немесе құтыру ауруына шалдығуға ұқсас белгілері болған жағдайда жедел түрде ветеринарлық мекемелерге хабарлау қажет. Ветеринарлық қызмет мамандарының келуіне дейін иесі жануарды оқшауды;

12) ит немесе мысық белгісіз себептермен өліп қалған жағдайларда ветеринарлық мекемелерге немесе ветеринария саласында кәсіпкерлікпен айналысатын ветеринарлық дәрігерге өлудің себептерін анықтау үшін хабарласу қа ж е т .

24. Бұрын бірдейлендіруден (идентификация) өтпеген және құтыру ауруына қарсы егілмеген үй жануарлары осы аурумен ауырды деп күдік тудырған жағдай анықталғанда Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес иелерінен алынады немесе жоғылады.

25. Өліп қалған иттер мен мысықтардың өлігін лақтырып тастауға, елді мекен аумағына көміп тастауға тыйым салынады. Иттер мен мысықтардың өлігі мал қорымдарында немесе өлекселерді өртеуге арналған арнайы пештерде жойылады .

6. Қағиданың бақылауын қадағалау

26. Қарақия ауданының елді мекендерінде иттер мен мысықтарды асырау және серуендету Қағидасының бақылауын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты мемлекеттік мекеме қадағалайды.

7. Қорытынды ережелер

27. Осы Қағиданы бұзған кінәлі тұлғалар «Өкімшілік құқық бұзушылық туралы» 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес жауапкершілікке тартылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК